

2

Ақжарма ауылына  
табиғи газ берілді

4

Қызылқұм қойнауында  
қой өруші еді



# Сыр бойы

№108-109 (21183-21184) 25 шілде, сенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

- [www.facebook.com/syrboyi.kz](https://www.facebook.com/syrboyi.kz)
- [www.instagram.com/syrboyi\\_kz](https://www.instagram.com/syrboyi_kz)
- [t.me/syrboyi\\_kz](https://t.me/syrboyi_kz)
- [twitter.com/syrboyi](https://twitter.com/syrboyi)

/// ПРЕЗИДЕНТ

## БАУЫРЛАСТЫҚ БАЯНЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен телефон арқылы сөйлесті. Қазақстан Президенті Өзбекстан басшысын туған күнімен құттықтап, бауырлас өзбек халқының игілігі жолындағы жауапты мемлекеттік қызметіне табыс тіледі.

Сонымен қатар Шавкат Мирзиёевтің парасатты басшылығының арқасында Өзбекстан әлеуметтік-экономикалық даму мен халықаралық беделін арттыруда мол табысқа қол жеткізіп, кешенді реформалар арқылы сенімді түрде ілгерілеп келе жатқанына назар аударды.

Мемлекет басшысы Өзбекстан көшбасшысының екі ел арасындағы достық және тату көршілік рухындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қарым-қатынасты нығайтуға қосқан үлесін жоғары бағалайтынын атап өтті.

Тараптар бүгінде қазақ-өзбек ынтымақтастығы қарқынды екенін айтып, сауда-экономикалық, көлік-логистикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы байланысты тереңдету перспективасын талқылады.

Президенттер өңірлік және халықаралық күн тәртібінде өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасып, алдағы кездесулер кестесін қарастырды.

/// ЕГІН – 2026

## ДӘН ДАЛАСЫНЫҢ ДҮБІРІ

Биыл облыста 185,8 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Оның ішінде дәнді дақылдар 89,7 мың, майлы дақылдар 6,1 мың, малазықтық дақылдар 73,2 мың гектар, картоп, көкөніс, бақша 16,8 мың гектар. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, өткен жылмен салыстырғанда күріш көлемі 10,9 мың гектарға қысқарды, бүгінде 70 мың гектар күріш суға толық бастырылған.

Бұл туралы облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте айтылды.

Мамандардың мәліметінше, күріштің 53,4 мың гектары үстеп қоректендіріліп, 61,2 мың гектары арамшөптерге қарсы өңделген. Осының негізінде 16,7 мың гектары (23,9%) түтікке шығу, 44,8 мың гектары (64%) масақтану, ал 8,5 мың гектары (12,1%) гүлдеу кезеңіне өткен.

Күздік бидай, сұлы толық жиналып бітті. Шаруашылықтар күтімге алған 49 мың гектар ескі жоңышканың 2380 гектарын тұқымға қалдырып, 46,6 мың гектардан екі орымнан жалпы 142,7 мың тонна жоңышқа дайындады. Мал азығын дайындау жұмыстары жалғасуда.



Ашық дереккөзден

23 шілдедегі мәлімет бойынша «Шардара» су қоймасына жоғарыдан секундына 113,4 текше метр су түсуде. Қоймадағы су көлемі 3,3 млрд текше метр. Сырдария өзенінің төменгі ағысына 550 текше метр су жіберілуде.

«Көксарай» су реттегішінде 23 млн текше метр су бар. Былтырғыдан 2,76 млн текше метр артық. Биыл гидротехникалық құрылыстарға, ішкі шаруашылық каналдарға жөндеу жүргізілді.

Мәжіліс қорытындысында аймақ басшысы жауапты сала жетекшілеріне бірқатар тапсырма берді.

«СБ» ақпарат

/// САРАП



Ашық дереккөзден

## ҚАЙТАРЫМСЫЗ ГРАНТ – ҚАЙТАРЫМСЫЗ ЖАУАПКЕРШІЛІК ЕМЕС

Кәсіп бастауға ниетті, алайда бастапқы қаржысы жеткіліксіз азаматтар үшін қайтарымсыз мемлекеттік грант – үлкен мүмкіндік. Әсіресе халықтың әлеуметтік осал топтарына берілетін мұндай қолдау жаңа кәсіп бастауға, тұрақты табыс көзін қалыптастыруға және азаматтардың экономикалық белсенділігін арттыруға бағытталған. Алайда кез келген мемлекеттік қолдаудың тиімділігі тек қаржының бөлінуімен емес, оның нақты мақсатқа жұмсалып, нәтижелі игерілуімен өлшенеді.

Облыста кейінгі жылдары жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға бағытталған мемлекеттік гранттар айтарлықтай көлемде берілді. 2023-2025 жылдары өңір бойынша 4635 адамға жалпы сомасы 6,8 млрд теңге қайтарымсыз мемлекеттік грант ұсынылған. Бұл – көп адамның өз кәсібін ашып, жұмыс жасауына мүмкіндік беретін қомақты қаржы. Дегенмен, грант қаражатын мақсатты пайдалану мәселесі де күн тәртібінен

түспей отыр. Жүргізілген мониторинг нәтижесінде 223 грант алушының 306,4 млн теңге бюджет қаражатын мақсатсыз пайдаланғаны анықталған. Бұл ретте 35 адам 21,4 млн теңге грант қаражатын ерікті түрде бюджетке қайтарған. Ал 160 адамнан 241,2 млн теңгені мемлекеттік бюджет пайдасына өндіру туралы сот шешімдері шығарылған. Бүгінде тағы 28 адамға қатысты жалпы сомасы 43,7 млн теңге грант қаражатын қайтаруға байланысты сот процестері жалғасуда.

Бұл көрсеткіштер қайтарымсыз гранттың тек әлеуметтік көмек емес, сонымен бірге нақты міндеттеме жүктейтін мемлекеттік қолдау тетігі екенін көрсетеді. Өйткені бюджеттен бөлінген қаржы – халықтың ортақ қаражаты. Сондықтан оны алған азамат қаражатты бизнес-жоспарда көрсетілген мақсатқа сай жұмсап, кәсібін дамытуға жауапкершілікпен қарауы тиіс.

5-бет

/// БӘРЕКЕЛДІ!

## «KAUSAR ARENA»: ЕУРОПА ДОДАСЫНА БАСТАР ЖОЛ

Сыр елінің спорт тарихында тағы бір маңызды белес белгіленді. Қызылордадағы «Kausar Arena» стадионына УЕФА-ның ең жоғары IV санаты ресми түрде берілді. Бұл – жаңа нысанның сәулеті мен сыйымдылығына ғана емес, қауіпсіздік жүйесі, жарықтандыруы, жасыл алаңы, телетрансляция мүмкіндігі, командалар мен төрешілерге, жанкүйерлер мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне жасалған жағдайы халықаралық талаптарға толық сай деген сөз.

Осы жылдың сәуір айында аренаға УЕФА-ның стадиондар инфрақұрылымы жөніндегі өкілі Скотт Струзерс арнайы инспекциялық сапармен келген болатын. Сарапшы нысанның барлық бөлігін егжей-тегжейлі қарап, оның

УЕФА регламентіне сәйкестігін бағалады. Тексеру қорытындысы мен ұсынылған есептерді саралау нәтижесінде «Қайсар Аренаға» IV санат беру жөнінде шешім қабылданды.



6-бет

Валюта бағамы

\$ 465,74 kzt

€ 531,08 kzt

₸ 5,92 kzt

Ауа райы:

Сенбі



+33°



+22°

Жексенбі



+35°



+23°

/// САПАР

## АҚЖАРМА АУЫЛЫНА ТАБИҒИ ГАЗ БЕРІЛДІ



Сырдария ауданының Ақжарма ауылына газ қосылды. Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов және зиялы қауым өкілдері игі істің куәсі болды.

– Мемлекет басшысы ауылдарға инфрақұрылым жеткізуге ерекше көңіл бөледі.

Сіздер көптен күткен, ауыл халқының тұрмыс-тіршілігіне жаңа тыныс беретін игілікті шараға жиналды. Бұл жобаға бюджеттен 1,8 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Өткен жылы Нағи Ілиясов, Шаған ауылдарына газ қосылып, ел игілігін көруде. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табады, – деді аймақ басшысы.

Тыл ардагері Өмірбек Сағындықов тілегін арнады. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан және газ тарту жұмыстарын сапалы әрі мерзімінде жүргізген мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Рәсімнен кейін аймақ басшысы ауыл тұрғындарының үйлеріне барып, естелік сыйлық табыстады.

Өңірде 2022 жылдан бері 65 млрд теңгеден астам қаржыға 77 газдандыру

жобасы жүзеге асты. Нәтижесінде облыс халқын газдандыру деңгейі 83 пайыз болды. Биыл жыл соңына дейін 10 елді мекенге «көгілдір отын» қосылып, қамту деңгейі 85 пайызға жеткізіледі. Жакын күндері Сырдария ауданына қарасты Шіркейлі, Қоғалыкөл және Бесарық ауылдарын газдандыру басталады.

Сапар барысында аймақ басшысы Ақжарма, Шаған, Інкәрдария, Нағи Ілиясов, Шіркейлі ауылдарының тұрғындарымен кездесті. Онда ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы айтылып, жиналған жұртшылық сыныс-пікірлерін ортаға салды.

«СБ» ақпарат



Суреттер түсірген: Бағдат ЕСЖАНОВ

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

## ЖАУАПТЫ МАУСЫМҒА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Аймақтағы қоғамдық-саяси ахуал қандай? Алдағы жылу маусымына дайындық қай деңгейде? Осы мәселелер облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте талқыға түсті.

Мәлімдеулерге қарағанда, жауапты маусымға әзірлік бекітілген іс-шара жоспарына сәйкес жүргізілуде. Оған 7,8 млрд теңге қаржы жоспарланған. Бұл қаржыға 8,7 шақырым жылу желісін жаңғырту жобасы аяқталып, №1 және 2 газ-турбиналық қондырғы, 1,3 шақырым жылу желісі, 1 қазандық, 1 турбина және 10 автономдық қазандық, негізгі және қосалқы қон-

дырғылар жөнделеді. Бүгінде жұмыстың 68 пайызы орындалған.

Мемлекет басшысының қолдауымен «Акса Энерджи» түрік компаниясы Қызылорда қаласында 240 МВт электр энергиясын және 277 Гкал жылу энергиясын өндіретін жылу-электр орталығын салды. Жоба бойынша қуаттылығы 176 МВт 2 газ-турбиналық қондырғы, 95 МВт

бу турбинысы, қуаттылығы 120 тн/сағ 2 бу қазандығы мен 150 Гкал/сағ 4 жылу қазандығы орнатылған.

Бүгінде жылу орталығы толық іске қосылып, 240 мегаватт электр энергиясы өндірілуде. Қуаттылығы 150 МВт 4 су жылыту қазандығы жұмыс істеп тұр. Алдағы жылу беру маусымында Қызылорда қаласының тұрғындары жаңа станция арқылы жылумен қамтамасыз етіледі.

«СБ» ақпарат



## 200 МЫҢҒА ЖУЫҚ СЫРБОЙЫЛЫҚ ҮЛЕС ҚОСТЫ

Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы биыл 6 айда атқарған жұмысын жариялады. Басқарма басшысының міндетін атқарушы Қайрат Жансұлтанұлының айтуынша, каналдарды бетондау суармалы суды үнемдеу үшін де, экономикалық жағынан да тиімді. Бұл жұмысты Дүниежүзілік банк қаржыландырады. Бүгінде өңірде 68 каналдың жоба-сметалық құжаты әзірленіп жатыр.

– Жалпы ұзындығы 177,4 шақырым 30 жобаға сараптама нәтижесінде оң қорытынды берілді. Дүниежүзілік банкке өткізу үшін біз Су ресурстары және ирригация министрлігіне ұсыныс жолдадық. Су саласын дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспарына 112 жоба енді. Оның 81-ін республикалық, 25-ін облыстық бюджет, 6-ын Ислам даму банкі қаржыландырады, – деді ол.

Есепті кезеңде облыс бойынша 2300 тонна балық ауланды. Оның басым бөлігі, яғни 93 пайызы Кіші Арал теңізіне тиесілі. 1808 тонна балық өнімі 12 шет мемлекетке экспортталды. Биыл көл-тауарлы балық шаруашылықтары 2765 тонна тауарлы балық өсіруді жоспарлап отыр.

Басқарма қызметіндегі келесі бағыт – қалдықты жинау, тасымалдау, сұрыптау және өңдеу. Бүгінде осы бағытта 17 кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істеп жатыр.

– Қалдықты басқару мәселесін тиімді шешу мақсатында бір-біріне жақын орналасқан ауылдық елді мекендер үшін ортақ полигон салу жұмысы кезең-кезеңімен жүруде. Осы ретте Сырдария ауданының орталығы – Теренөзек кентінде жаңадан қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны салынып, іске қосылды. Ол кентке ғана емес, жақын маңдағы А.Тоқмағамбетов, Қалжан ахун және С.Сейфуллин ауылдарына да қызмет көрсетіп тұр. Бұл шешім экономикалық жағынан тиімді. Сондықтан алдағы уақытта барлық

ауданда осы үлгімен полигондар салынады, – деді Қайрат Жансұлтанұлы.

Президент тапсырмасымен басталған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы жалғасын тапты. Жыл басынан бері оған 200 мыңға жуық адам үлес қосты. 5 мың тонна тұрмыстық қалдық шығарылды.

– Осы орайда азаматтарға елді мекендердегі экологиялық және абақтандыру мәселелері туралы тікелей хабарлауға мүмкіндік беретін ресми жүйе іске қосылғанын білесіздер. «Таза Қазақстан» онлайн-платформасы арқылы тұрғындардан 1388 өтініш түскен. Оның басым бөлігі орындалды. Көше асфальттау, ойын-спорт алаңдарын орнату сияқты ауқымды жұмыстарды талап ететін өтініштерге дер кезінде түсіндіру шаралары жүргізіліп келеді, – деді басқарма өкілі.

Назерке САНИЯЗОВА,  
«Сыр бойы»

/// БРИФИНГ

## ЖАЛАҒАШ: БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖЕТІСТІК ӨЗГЕ ДЕ САЛАЛАРҒА ТӘН

Жалағаш ауданында биылғы бірінші жартыжылдықта атқарылған жұмыс ауқымды, макроэкономикалық көрсеткіштердің басым бөлігінде оң өсім қалыптасып, белгіленген межелер орындалған. Бұл туралы аудан әкімі Ардақ Ибраимов өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте мәлімдеді.



– Ауданда барлық салада ілгерілеу бар. Өнеркәсіп өнімінің көлемі артып, өңдеу өнеркәсібі 100,1, инвестиция тарту 113,2, бөлшек сауда 100,3 пайызға жетті. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 101,9, тұрғын үй 100,5, құрылыс жұмысы 108,7 пайызды құрады. Биыл аудан бюджеті 7 млрд теңге көлемінде қалыптасып, алты айда 9,2 млрд теңгеге нақтыланып, толығымен орындалды, – деді Ардақ Әбдіғаппарұлы.

Кәсіпкерлік саласы бойынша көрсеткіш жоғары. Шағын және орта кәсіппен айналысатындар саны 2541 болса, оның 91,5 пайызы жұмыс істеп тұр. Мемлекеттік қолдауға ие болғандар кәсібін дөңгелентіп отыр. Айталық, қаржы институттары арқылы 56 жоба қаржыландырылған. Сондай-ақ «Ауыл аманаты» жобасы сәтті жүзеге асырылуда. Биыл «Байқоңыр әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ арқылы «Ауыл аманаты» бойынша 37 жоба қолдау тауып, 39 жұмыс орны ашылды. Өндірістік жобаларға да басымдық берілуде. Мәселен, 70 млрд теңгені құрайтын 6 жобаның 5-уі жүзеге асырылды. Нәтижесінде 120 жұмыс орны құрылды. Соның бірі – швейцариялық «Харвест Агро Холдинг» компаниясының техникалық қарасора, жүгері және мақсары өсіру және қайта өңдеу жобасы. Іске қосылса жылына 42 мың тонна техникалық қарасора, 70 мың тонна жүгері, 20 мың тонна мақсары өндіріледі. Сондай-ақ жоба аясында 60 мың тонна шикізат өндейтін және май сығу зауыты іске қосылады. Биыл 5000 гектар жүгері, 2000 гектар мақсары егіліп, 142 жаңбырлатып суару қондырғысы жұмыс істеп тұр.

– Аудан экономикасында ауыл шаруашылығы жетекші сала саналады. Аймақтың табиғи-климаттық және топырақ ерекшеліктеріне сай ауданда ауыл шаруашылығы негізінен суармалы егіншілікке, оның ішінде күріш өсіруге бейімделген. Мемлекеттік қолдау шаралары мен заманауи агротехникаларды енгізу нәтижесінде су тапшылығына қарамастан, егін мен мал шаруашылығында нақты нәтижелерге қол жеткізіп келеміз. Мәселен, 359 шаруашылықтың 223-і егінмен, 136-сы мал шаруашылығымен айналысады. Биыл 41864 гектар жерге егін егілді. Мал басы да еселеніп келеді. Ірі қара саны 34 мыңнан асса, жылқы 38 мыңға жетті, – дейді аудан әкімі.

Инфрақұрылымды дамытуда жүйелі іс бар. Жол сапасын жақсартуға қаржы қаралып, 3 елді мекеннің 8 көшесі жөнделуде. Демеушілер есебінен де көшелер жаңғыруда. Сондай-ақ сала бойынша 11 жобаны қаржыландыруға бюджеттік өтінім жолданды. Елді мекендерді ауызсумен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыс тындырымды. Аудан халқы 100 пайыз орталықтандырылған ауызсумен қамтылған. Биыл Есеп батыр ауылында ауызсу жүйесі қайта жаңғыртылды. Сонымен қатар халықтың 50 пайызы «көгілдір отынның» игілігін көріп отыр. «Елді мекендерге газ құбыры мен орамшiлiк газ тарту желiлерiнiң құрылысы» жобасы аясында былтыр Қаракеткен және Далдабай ауылдарына газ тарту үшін облыстық бюджеттен қаржы қаралып, тиісті жұмыстар жалғасуда. Сол сияқты Бұқарбай батыр ауылы да «көгілдір отынның» игілігін көруге қамданып жатыр.

Ауданда құрылыс саласында ауқымды жобалар атқарылып келеді. Баспанаға қол жеткізгендер қоныс тойын тойлауда. Оның ішінде әлеуметтік осал санаттағы азаматтарды тұрғын үймен қамту оң шешімін тапқан. Осы мақсатта 100 тұрғын үй сатып алуға қаржы қаралды. Қазір кенттегі «Ақтерек» учаскесінде тұрғын үй құрылысы басталды. Ал апатты деп танылған екі қабатты бір тұрғын үй иелері де баспанамен қамтылмақ. Сонда ауданда апатты тұрғын үй мәселесі толық шешіледі.

Әлеуметтік салаға келер болсақ, халықты жұмыспен қамту, жаңа жұмыс орындарын ашу бағытында да тындырымды іс байқалады. Биыл жұмыссыздық деңгейі 4,7 пайызды құраса, жастар арасында 2,6 пайыз ғана. Азаматтарға екі қолға бір күрек тауып беретін жобалар да жемісін беріп, қаншама адам жұмысқа орналасты. Сонымен қатар жұмыссыздықты азайту үшін кәсіпкерлікті және жаңа бизнес бастамаларын дамыту маңызды. Ол үшін тиісті шаралар қолға алынған.

Білім саласында да айтар жаналық көп. Бұл жағынан аудан көш бастап, ҰБТ көрсеткіші бойынша алдыңғы орынға шықты. Биылғы оқу жылын 6885 оқушы бітірсе, оның 470-ы 11-сыныпты аяқтады. Алтын белгіні 19, үздік аттестатты 43 түлек иеленді. Еңбек ауылындағы М.Байділдаев атындағы №232 мектептің түлегі Альфия Балхан ҰБТ-дан 140 балл жинап, аудан мерейін үстем етті.

Жаңа оқу жылына дайындық күшейді. Жеті мектепке жөндеу жүргізілсе, 1 балабақша «көгілдір отынға» қосылмақ. Мәдениет саласында да жетістік көп. «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы жобасы аясында түрлі форматтағы іс-шаралар ұйымдастырылып келеді.

Мемлекет басшысының бастамасымен бастау алған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында кент пен 14 елді мекенде абақтандыру және санитарлық тазарту жұмысы жүргізілді. Акция барысында кент және ауылдық округтерде 20 су жүретін канал тазартылып, 48 әлеуметтік нысанға, 7 тарихи-мәдени ескерткіштің аумағына, 21 аллея мен саябақ көркейтіліп, тазартылды. Санитарлық-тазалық жұмысына 25 техника тартылып, 2,5 мың тонна күл-қоқыс шығарылды.

Аудан әкімі жыл соңына дейін аудан экономикасының тұрақты өсімін қамтамасыз ету, инвестиция көлемін ұлғайту, салықтық түсімдерді арттыру, кәсіпкерлік пен ауыл шаруашылығы салаларын дамыту, сондай-ақ тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған жұмыстар жүйелі жалғаса беретінін жеткізді.

Сара АДАЙБАЕВА,  
«Сыр бойы»

/// МЕРЕЙ

# АБЫРОЙ АСУЫНДАҒЫ АЗАМАТ

Жапондарда «Жақсы құрылысшы ғимарат тұрғызады, ал нағыз құрылысшы елдің болашағына қызмет ететін мұра қалдырады» деген сөз бар. Мен мықты құрылысшылардың абыройы өздері салған ғимараттардан да биік тұрады дер едім. Себебі олар салған мектептен балалар білім алса, ауруханада адам жанына шипа табады, тұрғын үйлерде мыңдаған отбасының шамы жанады. Қасиетті Сыр өңірінде де елдің болашағына қызмет ететін мұра қалдырып жүрген азаматтар аз емес. Соның бірі әрі бірегейі – Қазақстанның құрметті құрылысшысы, Қызылорда облысының құрметті азаматы, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері Әбдімәжит Әлмағамбетұлы Жансакалов.

Бұл жазбамызға арқау болған Әбдімәжит Жансакалов 1956 жылы дүниеге келген. Мәкеннің балалық шағы қарапайым еңбек адамдарының ортасында өтті. Әкесі Әлмағамбет Жансакалов – ұрпақ тәрбиесінде ең алдымен адалдықты, үлкенге құрмет пен кішіге қамқорлықты бірінші орынға қойған жан. Әбдімәжит ағаны жақсы танытындардың айтуынша, ол кісі мектепте зеректігімен ерекшеленген әрі өнерге де жақын болған екен. Оң айтуды сүйді, тіпті бір кезде өнші болуды армандады. Алайда тағдыр оны құрылыс саласына жетеледі.

1973 жылы Сырдария ауданына қарасты Коммунизм елді мекеніндегі №43 қазақ орта мектебін бітірген 17 жастағы Әбдімәжит Әлмағамбетұлы сол жылы Қызылорда политехникумына оқуға түседі. Алайда азаматтық борышын өтеу – әрбір ер-азаматтың міндеті екенін терең түсінген ол 1974-1976 жылдары әскер қатарында болып, өмірлік тәжірибе жинақтайды. Әскердегі тәртіп пен жауапкершілік оның бойындағы еңбекқорлық пен табандылық қасиеттерін одан әрі шыңдай түседі. Әскерден кейін оқуын жалғастырып, 1978 жылы техник-құрылысшы мамандығын алып шығады. Осы жылы оның еңбек жолы «Главсовхозстрой» мекемесінің жобалау-іздістерік экспедициясында аға инженер қызметінен басталады. Бұл үлкен құрылыс саласына жасалған алғашқы кәсіби қадам еді. Кейінгі жылдары ПМК-44 мекемесінде инженер, учаске шебері, аға прораб қызметтерін атқарып, өндірістің қыр-сырын меңгерді. Өндірістен қол үзбей жүріп 1981-1987 жылдары Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының Қызылорда филиалында білім алып, инженер-құрылысшы мамандығын иеленді.

1985 жылдан бастап Сырдария аудандық агроөнеркәсіптік бірлестігінде құрылыс саласын қадағалау тобының басшысы ретінде ұйымдастырушылық қабілетін көрсетті. Ал 1990 жылдары СПМК-І мекемесінде өндірістік-техникалық бөлімнің басшысы, бас инженер, кейін мекеме басшысы қызметіне дейін көтерілді. Бұл оның білімі мен тәжірибесіне, іскерлігі мен азаматтық беделіне артылған сенімнің нәтижесі еді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстан үшін оңай болған жоқ. Экономика тұралап, өндіріс орындары тоқтап, көптеген құрылыс ұйымы жабылды. Осындай қиын кезеңде ұжымын сақтап қалу кез келген басшының қолынан келе бермейтін іс еді. Әбдімәжит Жансакалов дәл осындай сын сағатта қайсар мінез танытты. Ол қиындықтан қашпады, қайта жаңа мүмкіндіктер іздеді. Осылайша «Дәнекер құрылыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тарихы басталды. Бүгінде «Дәнекер құрылыс компаниясы» дегенде жұрттың есіне сапалы құрылыс пен көптің игілігі үшін атқарылған жұмыс түседі. Мұндай деңгейге жету оңай болған жоқ. Құрылыс компаниясы алғашқы жылдары Байқоңыр қаласында, Қызылорда қаласы мен облыс аудандарындағы тұрғын үйлердің, мектептердің жылу, су және көріз



жүйелерін қалпына келтіру жұмыстарын жүргізді. Тағы бір айта кетерлігі, 2003 жылы Қызылордада алғашқылардың бірі болып мемлекеттік сатып алу конкурсының жеңімпазы атанып, Қармақшы ауданының Жосалы кентінде туберкулезге қарсы күрес диспансерін салған.

Уақыт өте келе серіктестік өңірдегі ең ірі құрылыс ұйымдарының біріне айналды. «Таза су» және «Ақ бұлақ» мемлекеттік бағдарламалары аясында ондаған ауылға ауызсу жеткізілді. Бұрын таза суға зору болған елді мекендерге жаңа инженерлік желілер тартылып, тұрғындардың тұрмыс сапасы жақсарды.

«Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС-ның ел игілігіне тапсырған әлеуметтік нысандары аймақ тарихының ақырамас бөлігіне айналған ауқымды жобалар екенін атап өткен жөн. Серіктестік күшімен бой көтерген жаңа мектептер мен балабақшалар, ауылдық клубтар, емханалар, көпсалалы балалар ауруханасы, фельдшерлік-акушерлік пункттер, тұрғын үйлер, мәдениет және спорт нысандары бүгінде халыққа қызмет етіп келеді. Сонымен қатар Қорқыт ата атындағы әуежайдың алғашқы терминалын салу жұмыстарына да өз үлесін қосты. Бұдан бөлек облыстық Қан орталығы, Ғани Мұратбаев атындағы орталық стадионды қайта жаңғырту жобасы, Халыққа қызмет көрсету орталығы, Қызылорданың сол жағалауындағы жаңа тұрғын аудандар – мұның барлығы «Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС-ның өңір дамуына қосқан елеулі үлесін айғақтайды.

Көпжылдық тәжірибе мен сапалы еңбек нәтижесінде компания Сыр өңірінің сәулеттік келбетінің қалыптасуына, әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға зор үлес қосып келеді. Әсіресе облыс орталығының сол жағалауындағы жаңа қаланың қалыптасуына қосқан үлесі ерекше.

Әбдімәжит Жансакалов құрылысқа тек кәсіп ретінде қараған емес. Оның түсінігінде әрбір мектеп – болашақ ұрпаққа жасалған инвестиция, әрбір аурухана – адам өміріне деген қамқорлық, әрбір тұрғын үй – бір отбасының бақыты. Сондықтан ол қай кезде де «саннан бұрын сапа» қағидасын басты орынға қойды. Тағы бір айта кетерлігі, қандай қызметте жүрсе де, ол қоғамдық өмірден шет қалған жоқ. Бірнеше мәрте қалалық және облыстық мәслихаттың депутаты болып

сайланып, халықтың сенімін ақтады. Сайлаушылармен тұрақты кездесіп, тұрғындар мәселесін көтерді. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға қолдау көрсету, демеушілік жасау, жастардың білім алуына көмектесу сияқты игі бастамалардан да сырт қалған емес.

Әбдімәжит Әлмағамбетұлының басшылығымен бой көтерген басқа нысандарды айтпай-ақ қояйық, бірақ кейінгі жылдары, әсіресе 2-3 жылдың белірінде ел игілігі үшін салынған ғимараттарды атап өткен жөн ғой деп білемін. «Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШСҚызылордақаласыныңсолжағалауында жылына 5-10 мың донация қабылдауға қауқарлы IV санаттағы облыстық Қан орталығын салды. Бұл нысан – өңірдің денсаулық сақтау саласындағы маңызды инфрақұрылымдық жобаның бірі. Орталық заманауи медициналық құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етіліп, қанды қабылдау, өңдеу, сақтау және тарату процестерін халықаралық стандарттарға сәйкес жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Нысанның пайдалануға берілуі тұрғындарға көрсетілетін медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттырып, өңірдің медициналық қауіпсіздігін нығайтуға елеулі үлес қосты. Бұдан бөлек спорт инфрақұрылымын дамыту мақсатында Қызылорда қаласының сол жағалауында заманауи Үстел теннисі орталығы салынды. Орталық бұқаралық спортты дамытуға, жасөспірімдер мен жастарды жүйелі түрде спортпен шұғылдануға тартуға бағытталған. Нысанда халықаралық талаптарға сай жабдықталған жаттығу залдары мен жарыстар өткізуге арналған алаңдар қарастырылған. Бұл жоба салауатты өмір салтын насихаттауға және өңірдің спорттық әлеуетін арттыруға зор мүмкіндік берді. «Келешек мектебі» жобасы аясында «Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС Қызылорда қаласында 900 орындық заманауи мектеп салды. Бұл мектепті республикада алғашқылардың бірі болып ел игілігіне табыстағанын да айта кетейік. Білім ұясы жаңа технологиялармен жабдықталып, заманауи қауіпсіздік жүйелерімен, кең әрі жарық оқу кабинеттерімен, пәндік зертханалармен және спорт залдарымен қамтамасыз етілген. Аталған мектептердің пайдалануға берілуі оқушылардың сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасап, өңірдің білім беру инфрақұрылымын жаңғыртуға және білім сапасын арттыруға оң ықпал етті. Дәл қазір бұл құрылыс компаниясы Сырдария өзенінің сол жағалауындағы 7 қабатты әсем тұрғын үйлерді салып жатыр.

Ә.Жансакаловтың еңбегі жоғары бағаланып, мемлекет тарапынан марапаттар иеленді. Қазақстанның құрметті құрылысшысы, «Ерен еңбегі үшін» медалі, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері атанды. Қызылорда облысының, Қызылорда қаласының және Сырдария ауданының құрметті азаматы атағы берілді.

Әбдімәжит ағаның тағы бір ерекшелігі – қарапайымдылығы. Қанша жерден үлкен құрылыс компаниясын басқарса да өзін өзгеден биік ұстамайды. Ұжыммен ақылдасып жұмыс істейді, жастардың пікірін тыңдайды, тәжірибесін бөліседі. Басшылықтың мәні билік жүргізуде емес, жауапкершілікті бірге көтеруде екенін жақсы түсінеді. Өмірлік зайыбы Зүбайра аяқмен бірге тәрбиеленген ұл-қыздары бүгінде әке өнегесін мақтан тұтады. Жақындарының айтуынша, ол жұмыстан қанша қолы босамаса да, отбасына уақыт бөлуді ешқашан ұмытқан емес. Балаларына ең алдымен адал еңбек етуді, адамға құрметпен қарауды үйретті. Бүгінгі таңда «Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС өңірдегі ең қуатты құрылыс ұйымдарының біріне айналды. Заманауи техникамен жабдықталған, тәжірибелі мамандардан құралған ұжым күрделі инженерлік және әлеуметтік жобаларды сапалы жүзеге асырып келеді.

Халық даналығында «Тұлпарда да тұлпар бар, қазанатғы бір бөлек, жігітте де жігіт бар, азаматы бір бөлек» деген сөз бар. Сол секілді тұлғалық тұрпаты бір бөлек Әбдімәжит Әлмағамбетұлының азаматтық бейнесінен кейінгі ұрпақ еңбекқорлықты, жауапкершілікті, қарапайымдылықты және елге қызмет етудің шынайы мәнін үйренері сөзсіз.

**Бақыт ЖАҚАНОВ,**  
**Қызылорда облысы әкімінің**  
**орынбасары**

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2026 ЖЫЛҒЫ 24 ШІЛДЕДЕГІ №153 ҚАУЛЫСЫ

## «ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС, СӘУЛЕТ ЖӘНЕ ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ БАСҚАРМАСЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2016 ЖЫЛҒЫ 9 ТАМЫЗДАҒЫ № 550 ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**  
1. «Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 9 тамыздағы № 550 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесіндегі 15-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«15. Функциялары:

1) облыстың, аудандардың аумақтарын қала құрылысына жоспарлаудың кешенді схемасын, облыс аумағындағы елді мекендердің белгіленген тәртіппен бекітілген бас жоспарларын іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру;

2) сәулет, қала құрылысы және құрылыс, құрылыс индустриясының өндірістік базасын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

3) кейіннен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсыну үшін халқының есептік саны бір жүз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қаланың бас жоспарының жобасын облыстық мәслихатқа келісу үшін енгізу;

4) облыстық мәслихатпен келісілген, халқының есептік саны бір жүз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларын әзірлеуді ұйымдастыру және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекіту үшін ұсыну;

5) облыстар мен аудандар аумақтарын қала құрылысына жоспарлаудың кешенді схемаларын, сондай-ақ халқының есептік саны жүз мың тұрғынға дейінгі облыстық маңызы бар қалалардың дамытудың облыстық мәслихаттармен келісілген және кешенді қала құрылысы сараптамасынан өткен бас жоспарларының жобаларын және оларға енгізілетін түзетулерін әзірлеуді ұйымдастыру және оларды облыстық мәслихатқа бекітуге ұсыну;

6) екі және одан көп облыстың аумақтарын (не олардың бөліктерін), агломерацияны аумақты дамытудың өңіраралық схемаларының жобаларын келісу;

7) аумақтарды абаттандыру және инженерлік жағынан қамтамасыз ету қағидаларын, сондай-ақ тұрғын үй қорын, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы өзге де құрылыс объектілерін, инженерлік коммуникацияларды сақтау және күтіп-ұстау қағидаларын облыстық мәслихатқа бекіту үшін ұсыну;

8) республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бас жоспарларының жобаларын облыс аумағы, резервтік аумақтар, қала маңындағы аймақ, сондай-ақ олар ықпал ететін аймаққа жатқызылған өзге де аумақтар есебінен оларды дамыту бөлігінде келісу;

9) халқының есептік саны бір жүз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларының жобаларын келісу;

10) аумақта жоспарланып отырған құрылыс салу не өзге де қала құрылысы өзгерістері туралы халыққа хабар беру;

11) кешенді қала құрылысы сараптамасынан өткен қала құрылысы жобаларын бақылау және іске асыру;

12) аумақта құрылыс салу, құрылыс объектілерін, инженерлік және көліктік коммуникацияларды кеңейту, техникалық қайта жаратқандыру, жаңғырту, реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау, қайта бейіндеу), реставрациялау және күрделі жөндеу туралы, сондай-ақ аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру және қоғалдандыру, құрылыс аяқталмаған объектілерді консервациялау, облыстық маңызы бар құрылыс объектілерін кейіннен көздеге жарату жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізу туралы шешім қабылдау;

13) облыс аумағында мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы мен қадағалауын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың жұмысына жәрдем көрсету;

14) мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған цифрлық жүйесін толықтыру, сондай-ақ оны мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде пайдалану үшін ақпарат және (немесе) мәліметтер енгізу;

15) халықаралық және республикалық деңгейдегі жарыстарды өткізуге арналған спорт құрылысжайларын жобалауға арналған техникалық ерекшелік пен техникалық тапсырманы аккредиттелген ұлттық спорт федерацияларымен келісу;

16) жобалау құжаттамасының сапасын қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

17) жергілікті бюджет, сондай-ақ жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаны қаржыландыруға бөлінген республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобалау алдындағы құжаттаманы және құрылыс жобасын қарау және бекіту;

18) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аймақ пен тыйым салынған аудан аумақтарының шекараларын келісу;

19) облыстың бас сәулетшілеріне қойылатын біліктілік талаптарын сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органға келісу үшін енгізу;

20) тұрғынжайды реновациялау бағдарламасын әзірлеу және облыстық мәслихатқа бекіту үшін ұсыну;

21) ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу, олардың орналасатын жерін айқындау, сондай-ақ, үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім қабылдайды;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен реновациялау объектілеріне инженерлік-коммуникациялық және әлеуметтік инфрақұрылымдарды жүзеге келтіріп және (немесе) жаңғыртуды қамтамасыз ету;

23) мемлекеттік және мемлекеттен олардың құзыретіне жататын мәселелер бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асыру;

24) Қазақстан Республикасының заңнамасында жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жүзеге асыру;

25) «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің талаптарына сәйкес өзінің құзыретіне жатқызылған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар қарайтын әкімшілік істердің орындалуына (әкімшілік жазалардың қолданылуына) бақылауды жүзеге асырады».

2. «Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Д. Жахановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оған қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі М.ЕРГЕШБАЕВ**



## /// КЕЗЕҢ КЕЛБЕТІ

Ілгеріде малдың жайын күйттеген мыңғырған байлар қыста жылы, жазда шыбын-шіркейсіз, шаруаға жайлы Қызылқұмды жайлады. Құм жоталары таза, оты құнарлы, терең құдықтарының суы да тұщы әрі салқын. Қушақ жетпес тарамыс сексеуіл мен қандымы қыста да, жазда да пана. Төрт түлік малдың еті мен жүн-терісі, тұяғы мен мүйізіне дейін айналымдағы тауар ретінде бағаланды. Көпестер Сырдария өзенінің Түркістан шаһары тұсындағы Ақжар өткелі арқылы малды етке айдаса, өзге де өнімдерін көне қаланың базарына шығарып тұрды. Әрі қарай Шымқала мен Ташкенге де жол ашық. Азық-түлік пен басқа да тұрмыстық заттар тиеген керуендер осы соқпақпен Қызылға қайта оралып, құмдағы қауымның тұрмыстық қажетін өтеп отырды.

# ҚЫЗЫЛҚҰМ ҚОЙНАУЫНДА ҚОЙ ӨРУШІ ЕДІ

## БАҒДАРЛЫ БАҒЫТ

Өткеннің тәжірибесін зерттей келе кеңестік үкімет Қызылды игеру арқылы қоғамдық мал басын молайтуды алпысыншы жылдардың басында қайта қолға алды. Өйткені, азық-түлік бағдарламасының тірегі мен тиянағы төрт түлік малға келіп тірілгені анық. Социалистік қоғам орнаған ондаған жылдар аралығында мал басы баяғы феодал байлар дәуіріндегі кезге әлі жете қоймағанды. Сол уақытта атакәсіпті өркендету жолындағы бағытта құм беткейінен бірнеше ұжымдар ашылып, мал шаруашылығын дамыту жолындағы қызу еңбек өріс алды. Кешегі алай-түлей замандарда жан-жаққа шашырап кеткен байырғы малшылар қауымын осы шаруаға шоғырландыру ұйымдастырылды. Иә, малға ие болар бейімді қол күші қажет еді.

«Мал өсірсен, қой өсір, табысы оның көл-көсір», дейтін байырғы ата-кәсіп иелері расында төрт түлікті жусатудың шын шеберлері болғаны анық. Оған құм суырған атыраптағы баяғы байлардан қалған жүздеген терең құдық пен қыстау орындары дәлел. Құдық маңындағы кішкене төмпешіктер қора-қопсы мен жеркелердің орындары кешеге дейін жатты. Шіріндіге айналған мал көні де құнарлы тынайтықш ретінде таптырмас олжа саналды. Сондай-ақ осы жердің, мал жайылымдарының кезіндегі иелерін айқындайтын атаулары да ұмытылмапты. Мәселен, Ұялы, Қыңыр, Жауғашты құдық аттылы адамға құм жиегіндегі елді мекендерден төрт-бес күндік шалғайда. Бері қарай Шотай, Мырзан, Қызтескен, Желдер, Күлік, Шыбық, т.б. аталып тізбектеліп жатады. Айдаудың тақыры аталатын үлкен жазық та осылардың ортасында көлбей сулаған-ды.

Иә, сонымен мал шаруашылығын қайта дамыту тұрғысындағы қарқынды шаруаның бел ортасында аға буын өкілдерінің ізін ала жоғары білімді маман Тасбалта Дүйсенбиев те жүрді.

## ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТҮТІНІ

Ол Балтакөлдегі ағарту орта мектеп-интернатын бітірген соң араға он жыл салып, 1973 жылдың мамырында елге қайта оралды. Бұған дейін 1970 жылы Алматы қаласындағы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтының зоотехника факультетін тәмамдап, аталған оқу орнының жолдамасымен Көкшетау облысы Чистополье ауданының Ялта кеңшарында өз мамандығы бойынша үш жылдан астам уақыт абыроймен қызмет атқарған еді.

Жас маманды Жаңақорған ауданына қарасты «Түркістан» қарақөл-қой кеңшарының директоры Әбсадық Әбсеметов жатырқамады, сөзге келместен зоотехник-селекционер қызметіне тағайындады. Олай етуінің бір себебі, Тасбалта директордың көз алдында өскен жас болатын.

Жағдай оқырманға түсінікті болуы үшін тағы бір шегініс жасауға тура келеді. Ескі көздердің хабарында бар, сонау алпысыншы жылдары онжылдықты бітірген жастарға кемі екі жыл шаруашылықта жұмыс істеген соң ғана қалаған оқуына баруына рұқсат берілетін-ді. Сол талап бойынша 1963 жылы мектеп бітірген Дүйсенбиев комсомолдық жолдамамен Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан ауданының Куйбышев кеңшарына барды. Кеңшар басшылығы үлкен өмірге енді қадам басқан жасты Майдмталдағы Ленин атындағы бөлімшенің аға шопаны Бахрадин Қыдырбаевқа көмекші етіп бекітті. «Ленин» орденді аға шопанның қарамағында үш жыл көмекші болған елгезек жас жігітке ұжым 1967 жылы жоғары оқу орнына жолдама-кепілдеме береді. Сол кезде Куйбышевтің директоры да осы Әбсеметов болатын. Бір кезде өзі оқуға

жіберген азамат жоғары білімді дипломын қолға ұстап, алдына келіп тұрса, қалайша меселін қайтарсын. Міне, гәп қайда?!

## ЖАС КЕЛСЕ – ІСКЕ

Қызылқұмдағы қым-қуыт шағен жас маман Тасбалта сонау Көкшетаудағы отбасын іле-шала көшіріп әкеліп, қайнаған жұмыстың ортасына топ ете қалды. Көктемгі қой қырқымының кезі екен, қырқымшы тапшы, техника, электрлі қайшы да кем. Алайда жоқ деп аспанға алақан жаю мүмкін емес. Қара қойдың жабағы жүнін тездетіп алып, шөбі шүйгін құмға шығаруы керек. Қыстан қысылып шыққан жануарлар көкке емінеркін тойынып, шел байлауы қажет. Малшылардың «Шелді мал – төлді мал» деуі бекер емес. Малды түнетіп бағар бірер айдан соң мал қашырымы деген аласапыран науқан келе қалады. Сондықтан шайын жүре ішкен мал мамандары Қызылдың құмында күн демей, түн демей жортады да жүреді. Бұл қарбалас әлгі шаруаның қамы ғой. Тәкең де құмдағы малшылар мен олардың алдағы қонар жайылымдарын белгілеп, арасында қойды қырқымға айдауын қамтамасыз етіп жүргенде Көкшетаудың салқын ауасына үйренген әдемі жүзі қара қосқылдана тотығып, түз адамына ұқсап қалғандай екен. Онысын келіншегі Сараның сынай қараған кейпі мен әдемі күлкісінен аңғарды:

– Елім, жерім деп аңсағының, мына шаңы бораған желің екен ғой, – дейді ол ерине әзілдей.

– Сабыр ет! Бұ жел – қасиетті жел! Бір шаңды ұшырады, бір шаңды қондырады, – дейді ілгеріде үлкендерден естігенін астарлай жеткізіп. Ерінбейтін, елгезек, малшылар қауымымен тез тіл табысқан Дүйсенбиев көп ұзамай басқа ауданға қызмет ауыстырған Әзім Полатбековтың орнына кеңшардың бас зоотехнигі қызметіне тағайындалды. Жиырма жеті жастағы жас маманның кандидатурасын Жаңақорған аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, талабы күшті Зұлпыхар Мұсаханов та қолдады. Бұл зор жауапкершілік еді. Баяғы баяғы ма, енді тіпті кеңшар орталығындағы отбасын, зілсіз әзілдейтін Сараны, кішкентай бүлдіршіндерін аптасына

бірер рет көретін күн келді. Онда да кеш келеді, таң сыз бере жол үстінде жүргені. Ауылда балаларын сағына күтіп жүрген әкесі Дүйсенбі мен анасы Күлжамал кейде орталыққа қыстауларынан келе немерелеріне дорбадағы құрт-майын, тәттілерін таратып жатып: «Тасбалта Көкшетауда жүргенде хат жазып тұрушы еді, ауылға келгелі хаты да жоқ, өзін де көрмейтін болдык-ау» деп күлетін-ді. Өйткені, адамның тіршілігінде дамыл таптырмайтын мал шаруашылығы олай-былай мойын бұруға мұрша бермес.

## ҚОШ БОЛ, ЯЛТА!

Дегенде, құм арасындағы бұдран жолмен сапарлап келе жатып зоотехник кейде ойға шомады.

...Алматыдағы студенттік шақ керемет кез еді-ау! Сол ару қалада Тараздың көріктісімен танысты. Біртіндеп көңілдері жарасты. Институтты бітіретін 1967 жылы үйленді. Тойлары «Ласточка» кафеһінде өтті. Өзінің бірге оқыған жолдастары, Сараның құрбылары араласып, қызықты думан болғаны кеше ғана секілді еді. Шамадандарын көтеріп, Көкшетау асты. Бұлар барып орныққан Ялта селосының тұрғындарының басымы еуропа нәсілділер, мұнда бар болғаны 15 үй ғана қазақ отбасы қоныстанған. Олар бірер кештен тығыз араласты. Кей кездері кештете шай үстінде домбыра шертіп, бәрі қосыла ән салады. Ана тілінде сөйлеп, ана тілінде түсініскен де бір бақыт екен ғой!

Осындайда өзі орта білім алған Балтакөлдегі ағарту мектеп-интернатын, туып-өскен жері шағын Ақтөбе ауылын сағынатын-ды. Салқын ауа, салулы төсекке қарамай, елге кеткісі келгені сонан екен-ау! Бірде, ауданға іссапармен келген Көкшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, Еңбек Ері Еркін Әуелбеков жас маманмен тілдесіп, оның өз ісіне жетік екенін жоғары бағалады. «Міне осындай жастарды өсіруіміз керек, дереу партия қатарына қабылдандар!» деп тапсырма берді Чистополье ауданының бірінші хатшысы Баян Жаңабыловқа.

Осылай коммунист атанды. Ауылдағы әке-шешесінің «Сырта жүріп тіптен жат болып кетуге айналдың, елге оралсаң онды болар еді», деген тілегін аудан басшысына айтқанында бірінші хатшы: «Номенклатурада



Суретте (солдан оңға қарай) кеңшар директорының орынбасары Н.Елтаев, бастауыш партия ұйымының хатшысы Т.Дүйсенбиев, кәсіподақ комитетінің төрағасы Ә.Қарабаев, кеңшар бас бухгалтері С.Исмағанбетов. 1986 жыл.

есепте тұрсың, сен жөнінде арнайы тапсырма берген Еркін Нұржанұлына енді не деймін?» деп қатты қынжылды.

Бәрінен де күнде аралас-құралас болған көршілерінің қимастығын айтсаңызшы. «Аз елдің азасы бір» демекші, қазақы туыстық жақындығына келгенде үш қайнаса сорпасы қосылмайтын көп орыстың арасындағы аз қандас Тасбалта мен Сараны орталарынан тіптен жібергісі келмеп еді-ау, сонда. Айтпақшы, елге оралғаннан соң үш-төрт жыл шамасында сонау Көкшетаудан Ялта селосындағы байырғы көршісі, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Ташмат Тұрмановтың соңынан іздеп келіп, үш күн қонақ болғаны бар. Дастарқан үстінде ауыл басшыларына «жас маманның әлеуметтік жағдайын жасамапсыздар» деп, ептеп өкпе-назын да білдіргені ше. Бұл Төкендердің ортасына сыйлы, айналасына шарапатты болғанының белгісі ғой.

## БОРАНДЫ КҮНГІ ОҚИҒА

Иә, «еңбек ет те, міндет ет» дейді қазақы тәмсіл. Хал-кадірінше қызмет жасады. Біршама уақыт № 2 ферманың меңгерушісі қызметін де атқарды. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сүйіндік Молдалиев, орденді шопан Алдаш Қарабалаев, Сапар Дүйсенбеков, Бөкейхан Құттыбаев, Сейдіғали Кенжеариев, Жәлел, Әмзе Пармановтар және тағы басқалармен қатар мал шаруашылығын дамытуға өзіндік үлесін қосты. Сондай-ақ өкшелес қызмет жасаған жас мамандар Балтабай Байботаев, Қасымхан Құттыбаев, Батырхан Байкенжеев, Қантемір Тұтқабаев, Қалдар Жангіров, Пернебек Тасболатовқа өз білгенін үйретті, мол тәжірибесін бөлісті. Қоғамдық мал басын реттеп отыру үшін зоотехникалық-ветеринарлық шаралар өз мерзімінде сапалы жүргізілуі керек. Қарі қойдың қонын көтеріп етке өткізу, тұсақ малды тиянақты шопанға тапсыру, отарлардың жыл мезгіліне сай көшіп-қонын реттеумен қатар, қиырдағы малшыларға азық-түлік жеткізу, ауызумен қамтамасыз ету, денсаулық пен мәдени шараларды өткізу сынды шаруалар кімелеп үсті-үстіне келеді де тұрады. Мұның бәрі де жүйелі жұмыстың нәтижесімен үйлесімін табады. Өрине, ол үшін ғылыми негізде ойлану, жоспарлау қажет. Абырой болғанда жоғары білімді маман осының бәріне үлгеріп жүрді.

Мал шаруашылығының қауырт та қиын кезеңінен өзі мына бір оқиғаны есіне алды. «Бірде қатты қыс ауасында малшылардың жағдайын білу әрі жем тарату мақсатымен құмдағы отарларды аралап жүрміз. Күн суық. Кештетіп, Сәуле қыстауындағы малшыға жем түсіріп, ауылға қарай беттедік. Алайда Құрбантай деген жерге жеткен кезде бензин таусылып, жолда қалдық. Жаяу борасын ұлып тұр. Содан машинаның суын төгіп, шопыр Мақсұт екеуіміз жаяқын мандағы қыстауды бетке алдық. Қар тобықтан, қара түнек. Шамамен осы тұс деп Қызылшалға қарай жүріп келеміз. Біраз жүрген соң шопыр «менің енді әлім жоқ, өкпем ауырады. Балаларымның алды үйленді, немере сүйдім, бір балам наукас еді, соған алаңдамасам басқасына шүкіршілік етемін. Мені осында қалдырып, өзің кете бер» дейді қинала. Жолдасын жолда қалдырғаннан асқан оңбағандық болмас. «Қойыңыз», деймін оған. «Шыданыз, шамалы жүрсек, алдағы қыстауға жетеміз» деп жігерлендіріп, алға қарай ілби бердік. Не керек, түн ортасында бірімізді біріміз демеп жүріп, сүйретіліп, Қызылшалдағы

шопан Төлен Жұмашевтің қыстауына жетіп жығылды. Ертеніне Ақшоқатта РАПО бастығы Скениров пен кеңшар директоры Жәнібековке ұшырасып, жағдайды айтып едік, «бір ажалдан аман қалған екенсіздер», деп олар да көңілімізді жұбатты».

## ПАРТКОМ ХАТШЫСЫ

1982 жылы Тасбалта Дүйсенбиевті бастауыш партия ұйымының партком хатшылығына сайлады. Бұл саяси жұмысты да өз дәрежесінде атқара білген ол халықтың ынтымағы мен бірлігін сақтап, ортақ қоғамдық жұмыстарға жұмылдырып отырды. Еңбек озаттарын насихаттап, қатардағы жұмысшылардың оларға тене-луіне ықпал еткендігі өзіндік бір саяси шешім. Осылайша еңбек өнімділігі артуына үлес қосты. Ардагерлерге құрмет жасап, жас отбасылардың қамқорлығына көңіл бөлді. Бір-біріне өкпелегендерді татуластырды, ажырасқандарды қосты.

Сол жылдары бас мал дәрігері Ә.Бекжігітов, бас бухгалтер С.Исмағанбетов, бас экономист Ж.Жұмашев, бас инженер К.Қасқабаев, кәсіподақ комитетінің төрағасы Ә.Қарабаев, ауылдық кеңес төрайымы Е.Аманжолова, ферма меңгерушілері Қ.Әбуов, А.Ерімбетов, С.Аринов кейінін кеңшар директоры болған Қален Жәнібеков және жас мамандар Б.Әбуов, С.Төлегеновпен түсіністікте жұмыс жүргізе білді. Бірік бір жерде тірлік те өнімді.

Токсаныншы жылдардың басында партия тарап, кеңшар ыдыраған тұста да ол өз мамандығынан алыстамады. Шаруашылық басшысының орынбасары, кәсіподақ төрағасы қызметтерін ықыласымен атқарды. Қоғамдық жұмыстардан да тыс қалмады. Ауыл ардагерлерінің төрағалығын атқарды. Атқарушы орындарға тұрғындардың әлеуметтік жағдайын көтеру, жастарды жұмыспен қамту тұрғысындағы ұсыныс-пікірлерін жеткізіп жүрді. 31 жыл бойы сайлау учаскесінің төрағасы болды. Жоғары орындар тарапынан бірнеше марапат пен алғыс хаттарды иеленді.

## ӨМІР – КӨШКЕН КЕРУЕН

Иә, тіршіліктің жолы әрдайым теріс бола бермейді. Өмір – көшкен керуен. Тағдырдың қызығы мен шыңығы аралас өрбиді. Өкінішке қарай, 2014 жылы ұзаққа созылған науқастан сүйікті әйелі Сара Әлиева бақилық болды. Көңіл қалтарысы жоқ, ақкөңіл, барынша көпшіл жан еді. Тас түскен жеріне ауыр. Сонда да қайсар қария қайғыға берілмей, балаларына, немерелеріне бас-көз болды. Ұл-қыздары Ләззат, Айгүл, Меруерт, Өркен, Өскен, Ғалымжан, Нұргүл, Айнұр өмірден өз орындарын тауып, әр салада абыройлы еңбек етіп жүр. Асқар тау әкелеріне «Біздің ауыл жаққа қыдырыңыз», деп кезек-кезек телефон соғып жатқанды. Барыс-келістері үзілген емес. Құдалары құшақ жая қарсы алады, немерелері аталап алдынан шығады. Мұның өзі пендеге зор олжа! Сексен жастың төріне көтерілген атакәсіпті елге нәсіп еткен ауыл ақсакалы өз тағдырына шүкіршілік айтып, алдағы болашақтың мұнан да жарқын болуына сенім артады. Лайым, айналасы түгел, ойындағысы орындалсын!

**Нұрмахан ЕЛТАЙ,**  
**Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі.**  
Жаңақорған ауданы



Суреттер ашық дереккөзден

# ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСЫ ТОЗҒАН ЖЕЛІЛЕРДІ АЗАЙТАДЫ

Еліміздің энергетикалық қауіпсіздігі мен коммуналдық сектордың тұрақтылығы электр желілерінің сапасына тікелей байланысты. Бүгінде елімізде, оның ішінде Сыр өңірінде ескірген инфрақұрылымды жаппай қалпына келтіру жұмысы қарқынды жүруде. Осы жөнінде кеңірек білу мақсатында «Қызылорда электр тәрату тораптары компаниясы» АҚ басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары – бас инженер Шалқар Рақышевпен сұхбаттасқан едік.

– *Қызылордалықтар жиі көтеретін мәселе – жел күшейгендегі жарықтың өшуі. Бұл сөзімізге жақында ғана қатты желден біраз уақыт қараңғылықта қалғанымыз дәлел. Мұның себебі неде?*

– 28 маусым күні қатты екпінді жел көппәтерлі тұрғын үйдің шатырын ұшырып, екі тізбекті 10 кВ әуе желісін үзіп, Тасбөгет кентінің тұрғындарын электр жарығынсыз қалдырды. Компания қызметкерлері апатты дереу қалпына келтірді. Қолайсыз ауа райы кезінде үй шатырларының ұшып кетуі, ағаштардың құлауы, сондай-ақ бөгде заттардың электр желілеріне түсуі салдарынан әуе электр желілеріне зақым келеді. Соның кесірінен апаттық ажырату тіркелетінін жоққа шығаруға болмайды. Мұндай жағдайларда компанияның авариялық бригадалары күшейтілген режимде жұмысқа көшеді. Анықталған ақауларды мүмкіндігінше қысқа мерзімде қалпына келтіруге тырысады. Электр желілерін кезең-кезеңімен жаңғырту және тозған жабдықтарды ауыстыру табиғи құбылыстардың электрмен жабдықтау ісіне кедергісін азайтуға бағытталған.

– *Компания оған төтен беретін төзімді инфрақұрылым қалыптастыру үшін қандай жобалары жүзеге асырады?*

– Қосалқы станциялар мен әуе желілерін күтіп-ұстау бағытында күрделі және ағымдағы жұмыс жүргізіледі. Былтыр жөндеуге 307,7 млн теңге (ағымдағы жөндеуге 49,8 млн теңге, күрделі жөндеуге 257,9 млн теңге) бөлінді. Соның есебінен 43,8 шақырым электр тәрату желілері мен 61 қосалқы станцияға күрделі жөндеу, 15,7 шақырым электр тәрату желілері мен 41 қосалқы станцияға ағымдағы жөндеу жүргізілді. Быыл жалпы жөндеу жұмысына 348,7 млн теңге қарастырылған. Оның 297,2 млн теңгесі 54,87 шақырым әуе желілері мен 30 қосалқы станцияны күрделі жөндеуден, 51,5 млн теңгесі 16 шақырым әуе желілері мен 27 қосалқы станцияны ағымдағы жөндеуден өткізуге бағытталып отыр. Қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу порталы арқылы қажетті материалдар алынып, жоспар жүзеге асырылуда.

– *Электр желілерін жаңғырту бағытында қандай жұмыс атқарылып жатыр? Тозған электр желілері қаншалықты азайды?*

– Облыста жанартуға сұранып тұрған нысандар аз емес. Осы бағытта кейінгі жылдары айтарлықтай жұмыс атқарылуда. «Қызылорда электр тәрату тораптары» компаниясының 2021-2026 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасы аясында 2025 жылға 8,300 млн теңге бекітіліп, 8 289,2 млн теңгеге толығымен орындалды. Оның ішінде 521,5 млн теңге өз қаражаты есебінен 205,6 млн теңгеге Қызылорда қаласының ӘЖ-10/0,4 кВ электр желілері жаңғыртылды. 109,2 млн теңгеге электр энергиясын есепке алу аспаптары жаңғыртылды және АСКУЭ-ге қосу, 1299 дана есептегіш құрылғы орнатылды. 109,9 млн теңгеге телемеханика жүйесі жаңғыртылып, SCADA-ға қосылды. 91,7 млн теңгеге автотехникалар, 5,1 млн теңгеге 23 кенсе техникасы (компьютер, принтер) алынды. 7767,7 млн теңге бюджет қаражат есебінен 190 млн теңгеге ӘЖ-35кВ Л-33, Л-34 ПС – 220/35/10кВ «КТЭЦ»-ПС-35/10кВ «Шұғыла» 16 шақырымы, 783,6 млн теңгеге ӘЖ-35кВ Л-31А, Л-32А ПС – 220/35/10кВ «Қызылорда»-ПС-35/10кВ «Промышленная» 7,3 шақырымы жөнделді. 2694,4 млн теңгеге Жанақорған кентіндегі 10/0,4 кВ электр желілік жүйесі жаңғыртылды. 4 099,7 млн теңгеге Шиелі кентіндегі «Шиелі «ҚС-220/35/10 кВ қайта құрылды.

Жоспар толық орындалып, электр желілері



мен қосалқы станциялардың тозуы 63-тен 60 пайызға қысқарды. Сонымен қатар авариялық ажыратулар 10 пайызға азайды. Быыл инвестициялық бағдарлама бойынша қаржыландыру көлемі 502 688 мың теңге болып бекітілді. Оған төмендегі іс-шаралар орындалады:

Қызылорда қаласы бойынша 10/0,4 кВ әуе желілерін реконструкциялау және жаңғырту – 35,67 шақырым;

Электр энергиясын есепке алу аспаптарын жаңғырту және АСКУЭ жүйесіне қосу – 1 482 дана;

35/10 кВ «Жаңаарық» қосалқы станциясының телемеханика жүйесін жаңғырту және SCADA жүйесіне қосу – 1 жиынтық;

Осыдан кейін электр желілері мен электр қондырғыларының жалпы тозу деңгейі 60-тан 59,5 пайызға дейін төмендейді деп жоспарлануда.

Компания көпжылдық тарифті қалыптастыру мақсатында 2027-2031 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Бұл шара өз кезегінде тозған электр желілерін және авариялық ажыратуларды азайтуға бағытталған. Аталған жоба құны – шамамен 7, 907 709 мың теңге.

– *Компания тозған желілерді азайтуға қаншалықты маңыз беріп отыр?*

– Компания теңгерімінде әртүрлі кернеудегі жалпы ұзындығы 10 608 шақырым электр желілері және 2 058 қосалқы станция бар. Олардың тозу деңгейі елді мекендер бойынша емес, кернеу класына қарай бағаланады. Қазіргі уақытта 10/0,4 кВ әуе желілерін кезең-кезеңімен жаңғыртуға қала және аудан әкімдіктері тарапынан қаржы бөлінді. Дегенмен, аудандардың басым бөлігін электр энергиясымен қамтамасыз ететін 35 кВ әуе желілерінің тозуы – шамамен 70 пайыз. Осыған байланысты компания тарапынан оларды кезең-кезеңімен жаңғыртуға бағытталған көпжылдық инвестициялық бағдарлама әзірленді. Енді бағдарламаның бекітілуін күтудеміз.

– *Электр энергиясының тарифі неге байланысты өзгереді?*

– Электр энергиясын тасымалдаушы және жабдықтаушы компания есебінде 20 өңір болса, соның ішінде Қызылорда облысында электр энергиясының бағасы салыстырмалы түрде төмен. Қазіргі күні электр энергиясын босатудың орташа бағасы – 28,30 теңге. Елімізде бағаны бірыңғай сатып алушы мекеме реттеп отырады. Бағаның тұрақты болмауына электр энергиясының көлемі мен тапшылығы тікелей әсер етеді. Сондықтан баға бізге дейін реттелген болып есептеледі. Былтыр мамыр айында баға өсті. Еліміз бойынша 2026 жылдың I тоқсаны аяқталғанға дейін мораторий жарияланғанын білесіздер. Осыдан кейін біз баға саясаты бойынша қайтадан өтініш бердік.

– *Облыс орталығында бой көтерген жаңа жылу-электр орталығы жарыққа тәуелділікті азайтуға қаншалықты мүмкіндік беріп отыр?*

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес түріктің «Ақса Энерджи» инвестор компаниясы Қызылорда қаласында 240 мегаватт электр энергиясы мен 277 гигакалория жылу энергиясын өндіретін жаңа жылу-электр орталығын салды. Жобаның жалпы құны – 215 млрд теңге. Бүгінгі күнге нысан іске қосылып, 127 мегаватт электр энергиясын өндіру қуатын 220 кВ жүйесіне пайдалануға берді. Жаңа жылу орталығы облысты толығымен электр энергиясымен қамтамасыз етіп, аймағымызда өндірісті дамытуға үлкен серпін береді деп есептейміз.

– *Әңгімеңізге рахмет!*

Сұхбаттасқан  
**Назере САННІЗОВА,**  
«Сыр бойы»



Коллаж Қуаныш Оразбаев

# ҚАЙТАРЫМСЫЗ ГРАНТ – ҚАЙТАРЫМСЫЗ ЖАУАПКЕРШІЛІК ЕМЕС

## ЖЫЛДАР БӨЛІНІСІНДЕГІ КӨРСЕТКІШТЕР НЕНІ АҢҒАРТАДЫ?

2023 жылы облыста 1 526 адамға 2 млрд 105,2 млн теңге көлемінде грант берілген. Мониторинг нәтижесінде грант қаражатын мақсатсыз пайдаланған 89 адам анықталып, 113,4 млн теңгені қайтару бойынша сот шешімдері шығарылған. Оның ішінде 24 адам 13,1 млн теңгені бюджетке ерікті түрде қайтарған. Ал 65 адамнан 100,3 млн теңге өндіру бойынша жеке сот орындаушылары жұмыс жүргізуде.

2024 жылы 1 556 адамға 2 млрд 292,6 млн теңге грант берілген. Осы жылы грант қаражатын мақсатсыз пайдаланған 101 адам анықталып, олардың мақсатсыз жұмсаған қаржысы 141 млн теңгені құраған. Оның ішінде 10 адам 6,8 млн теңгені өз еркімен қайтарса, 88 адамнан 129,9 млн теңгені бюджетке қайтару туралы сот шешімі шығарылған. Ал 3 адамға қатысты 4,4 млн теңге грант қаражатын өндіруге байланысты сот процестері жалғасуда.

2025 жылы 1 553 адамға 2 млрд 438,1 млн теңге көлемінде грант берілген. Бұл кезеңде мақсатсыз пайдаланылған қаражат көлемі 51,9 млн теңгені құраған. 33 адам грант қаражатын мақсатсыз пайдаланғаны анықталса, оның ішінде 1 адам 1,6 млн теңгені ерікті түрде бюджетке қайтарған. 7 адамнан 11 млн теңге өндіру туралы сот шешімі шығарылып, 25 адамға қатысты 39,3 млн теңгені қайтару жөніндегі сот процестері жүруде.

Бір қарағанда, грант алушылар саны жыл сайын жоғарылап, берілген қаржы көлемі де артып отырғаны байқалады. Сонымен қатар 2025 жылы мақсатсыз пайдаланылған қаражат көлемінің 2024 жылмен салыстырғанда төмендеуі де назар аударарлық. Дегенмен, бұл көрсеткішкерді мәселе толық шешілді деуге болмайды. Себебі бюджет қаражатын мақсатсыз пайдаланудың әрбір фактісі – мемлекеттік қолдау саясатының тиімділігіне әсер ететін жағдай. Өйтсе де осындай мақсатсыз алғандардың кесірі бизнес идеясы мықты жандардың кәсіп ашуына кедергісін тигізген сияқты. Себебі, былл облысқа жаңа бизнес идеяларды жүзеге асыруға грант бөлінбеген.

## ГРАНТ НЕГЕ ИГЕРІЛМЕЙДІ?

– Мемлекеттік гранттың мақсатсыз пайдаланылуының себептері әртүрлі. Бұл ретте, мемлекеттік гранттар халықтың әлеуметтік осал топтарына кәсіпкерлік бастамаларын іске асыру және тұрақты табыс көзін қалыптастыру мақсатында берілетініне басты назар аудару қажет. Дегенмен, мониторинг қорытындылары көрсеткендей, жекелеген грант алушылар түрлі объективті және субъективті себептерге байланысты өз бизнес-жобаларын толық жүзеге асыра алмай жатады. Мұндай



Сурет ашық деректерден

жағдайларға көбіне кәсіпкерлік бағытын таңдаудағы қателіктер, нарықтағы сұранысты жеткілікті деңгейде зерделеу, өңірдің ерекшелігіне сәйкес келмейтін бизнес-жобаларды іске асыру, өндірілетін өнімге немесе көрсетілетін қызметке тұрақты өткізу нарығының болмауы, сондай-ақ бизнес жүргізу тәжірибесі мен қаржылық жоспарлау дағдыларының жеткіліксіздігі себеп болады. Мысалы, қалалық жерде ауыл шаруашылығы бағытындағы жобаларды іске асыруға қажетті инфрақұрылымның немесе жағдайдың болмауы кәсіптің тиімді дамуына кері әсер жайттар кездеседі.

Сонымен қатар, грант алушылардың әлеуметтік осал санатқа жататынын ескере отырып, кейбір жағдайларда күтпеген тұрмыстық мәселелердің туындауына байланысты қаражаттың бір бөлігі кәсіпкерлік қызметке қатысы жоқ шұғыл қажеттіліктерге жұмсалатын фактілер де анықталады. Мұндай жағдайлар бизнес-жобаның толық іске аспауына және қолданыстағы заңнамаға сәйкес грант қаражатын бюджетке қайтаруға негіз болуы мүмкін.

Әрбір мәселе жеке қаралып, мониторинг нәтижелері мен ұсынылған құжаттар негізінде тиісті шешім қабылданады. Сонымен қатар, грант иегерлерінің басым бөлігі қаражатты мақсатты пайдаланып, кәсіпкерлік қызметін дамытуға жүзеге асырып отырғанын атап өткен жөн, – дейді облыстық енбек мобилді орталық директорының орынбасары Ақерке Ахметова..

1-бет

Сарапшылардың айтуынша, кейбір азаматтар кәсіпкерлік бағытты таңдауда қателік жібереді. Кәсіп бастау идеясы болғанымен, сол жобаның нақты нарықтағы өміршеңдігіне алдын ала талдау жасалмауы мүмкін. Екіншіден, нарықтағы сұраныстың жеткілікті зерттелмеуі де кәсіптің тоқтап қалуына себеп. Өнім немесе қызмет түріне сұраныс аз болса, кәсіпкердің табыс табуы қиындайды. Ал табыс болмаған жағдайда бизнес-жобаны жалғастыру мүмкін емес. Өңірдің ерекшелігін ескермеу мәселесі бар. Мұндай жағдайда бизнес-жоспар қағаз жүзінде тартымды көрінгенімен, іс келгенде оны жүзеге асыру қиынға соғады. Кәсіпкерлік тәжірибенің және қаржылық жоспарлау дағдыларының аздығы да кедергі. Кәсіпкер болу үшін тек қаржы жеткіліксіз. Нарықты зерттеу, шығын мен кірісті есептеу, өнімді өткізу жолдарын алдын ала жоспарлау, салықтық және құқықтық талаптарды білу – бизнестің тұрақты жұмыс істеуінің негізгі шарттары.

## ГРАНТ БЕРУ ҒАНА ЕМЕС, КӘСІПТІ СҮЙЕМЕЛДЕУ МАҢЫЗДЫ

Осы жерде маңызды бір мәселе туындайды. Қайтарымсыз грант алған адамды қаржыландырумен ғана шектелу жеткіліксіз. Грант – бизнесті бастауға мүмкіндік беретін алғашқы қадам ғана. Ал оның әрі қарай тұрақты жұмыс істеуі үшін кәсіпкерге білім, кеңес және сүйемелдеу қажет. Сондықтан грант алушыны іріктеу кезінде оның әлеуметтік санатына ғана емес, бизнес-идеясының өміршеңдігіне де баса мән берген жөн. Жобаның нарықтағы сұранысы, қажетті инфрақұрылымы, өнімді өткізу мүмкіндігі, болжамды табысы мен шығыны алдын ала жан-жақты саралануы қажет. Сонымен қатар грант алғандарға қаржылық сауаттылық, бизнес-жоспарлау, маркетинг, салық салу және өнімді өткізу бойынша қысқа мерзімді оқыту бағдарламаларын күшейту маңызды. Бұл грант қаражатын мақсатсыз жұмсау қаупін азайтып қана қоймай, жаңа кәсіптің өміршеңдігін арттырады. Бұдан бөлек, қаражаты берілгеннен кейінгі мониторингті тек бақылау немесе заң бұзушылықты анықтау құралы ретінде емес, кәсіпкерге дер кезінде көмек көрсету тетігі ретінде қарастырған тиімді. Егер бизнес-жобада қиындық туындаса, оны бастапқы кезеңде анықтап, кәсіпкерге тиісті кеңес беру немесе заң аясында қолдау көрсету арқылы жобаның тоқтап қалуының алдын алуға болады.

## НӘТИЖЕГЕ ЖЕТУ ЖОЛЫ НЕДЕ?

Қайтарымсыз гранттың басты мақсаты – жай ғана қаржы беру емес, оны өз кәсібін ашуға ынталандыру және тұрақты табыс көзіне шығару. Сондықтан грант қаражатының игерілуін тек «ақша қайтарылды ма, жоқ па?» деген өлшеммен бағалау жеткіліксіз. Негізгі нәтиже «Грант алған азаматтың кәсібі тұрақты жұмыс істеп тұр ма? Жаңа жұмыс орындары

ашылды ма? Кәсіпкер табыс таба алды ма?» деген сұрақтарға байланысты болуы тиіс. Өрине, мониторинг қорытындысы бойынша анықталған барлық жағдайды бірдей бағалауға болмайды. Кейбір азаматтар қаражатты әдейі мақсатсыз пайдаланса, енді бірі бизнес жүргізудегі тәжірибесіздік немесе күтпеген әлеуметтік жағдай салдарынан қиындыққа тап болуы мүмкін. Сондықтан әрбір жағдайды жеке қарастыру қажет. Дегенмен, грант – мемлекет тарапынан көрсетілген сенім. Ал сенімнің артында жауапкершілік тұрады. Бюджет қаржысы мақсатты әрі тиімді жұмсалған жағдайда ғана мемлекеттік қолдау нақты экономикалық нәтижеге айналады.

2023-2025 жылдардағы көрсеткіштер осы бағыттағы жұмысты жетілдіру қажеттігін білдіреді. Алдағы уақытта грант алушыларды дұрыс іріктеу, бизнес-жобаларды алдын ала терен саралау, кәсіпкерлерді оқыту және гранттан кейінгі сүйемелдеуді күшейту – қаражаттың мақсатсыз жұмсалуды азайтудың тиімді жолы. Ең бастысы, қайтарымсыз грантты «тегін ақша» емес, жаңа мүмкіндіктің бастауы деп қабылдау қажет. Өйткені мемлекет берген қаржы азаматтың жеке кәсібін ашуға арналғанымен, оның түпкі мақсаты – қоғамға, экономикаға және ең алдымен грант алушының өзіне тұрақты табыс әкелетін нәтижелі бизнес құру. Сондықтан грантты тиімді игеру – тек кәсіпкердің емес, мемлекеттік қолдау жүйесінің де ортақ жауапкершілігі болу қажет.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,  
«Сыр бойы»

## /// ӘН ӘЛЕМІ

Жуырда әлеуметтік желі бетінде батыс өңірегi бiр тойда 60 келiн қатар тұрып «Ақ босаға» әнiмен сәлем салған бейнежазба жарияланды. Иә, Сыр бойынан бастау алып, елу жылдан әрi елдi түгел шарлаған «Ақ босаға» әнi шынында ерек туынды. Бүгiнде танымал әншi Жазира Байырбекованың да репертуарынан орын алған ән тыңдаушыларын тәнті етiп жүр.

## «АҚ БОСАҒА» – ЕРЕК ТУЫНДЫ

Қыз аттаған, келiн кеп ақ босаға, Ақ босаға, мерейлi бақ босаға Қасиеттi халқымынң дәстүрiне Куә боп ғасырлар жатты осы ара. Иә, «қарашанырақ», «атақоныс», «ақ босаға» деп өсiп-өнген шаңырағын ардақ тұту, «Табалдырықтан биiк тау жоқ» деп туған үйдiң қадiр-қасиетiн терең бағалау қай заманнан берi қазақ халқына тән ұғым. Жоғарыдағы өлең шумағында осы бiр ұғымның мән-мағынасы одан әрi ашылып, айшықтала түскендей.

Жерлесiмiз, Сыр бойының сыршыл ақындарының бiрi Сәнiмкүл Желдербаева апамыздың осынау жүрекжарды жыр шумақтары композитор Мұхамеджан Рүстемов шығармашылығымен жалғасып, әдемі енге айналғанына да жарты ғасырдан аса уақыт болыпты. Олай дейтiнiмiз, өлең авторының жасы жүзге таяу, ал елудi еңсерген бiздiң өзiмiз бұл әндi бала күнiмiзден естiп өскен едiк. Шаңыраққа келiн түскен, босағадан қыз аттаған тойларда, туған-туыстардың басқосуларында «Ақ босаға» әнi мiндеттi түрде шырқалады. Тәлiмi терең уездi ән әрбiр шаңырақтың татулығы мен бiрлiгiн бекiте түсетiндей. Әсiресе:

Пай-пай, шiркiн, қазақтың келiндерi-ай, Көл дария секiлдi пейiлдерi-ай. «Абысын тату болса, ас көп» деген, Мақалдың айтылуы тегiн бе едi-ай – деп келетiн қайырмасы ақ босағаны аттап келген жас келiндерге зор жауапкершiлiк жүктеп тұрғандай. Нақтылай түсек, «Ағайын тату болса, ат көп, абысын тату болса, ас көп» деген мақалды меңзеп айтылғанын аңғарамыз.

Ендiгi сөздi өлеңнiң авторына бұрсак, қиын-қыстау заманды көрген, әкесi соғысқа кетiп, оралмаған, анасының қамқорлығында өскен Сәнiмкүл мектеп бiтiрген соң, пединститутқа оқуға түстi. Ол заманда ауылда қара танитын адамның қатары аз, сондықтан мұғалiмдiк маман-дықтың орны бөлек едi. Оқуын бiтiрген соң Қар-макшы ауданының орталығы Жосалыда мектеп мұғалiмi болып, одан кейiн қаладағы педагогикалық училищеде ұзақ жыл ұстаздық етiп, өзiндiк iзiн қалдырды. Бiлiктi, тәжiрибелi ұстаз зейнетке шыққаннан кейiн де Қорқыт ата университетiнде «Бастауышты оқытудың педагогикасы мен әдiстемесi» мамандығының студенттерiне дәріс оқыды. Дәлiрек айтсақ, Сәнiмкүл Желдербаеваның бастауыш сынып мұғалiмдерiне арнап жазған «Мәнерлеп оқу» деп аталатын көмекшi оқу құралы педагогика саласында әлi күнге қолданыста.

Газет оқырманы, каламгер, ақын, сазгер Айкүмiс Орынбаева да бұл әндi келiншек кезiмiзден айтушы едiк дейдi. «Ауылдың үлкен-кiшiсi жиылған тойларда жас келiннен бастап, жасы егде тартқан әжелерге дейiн қосылып шырқағанда, әннiң әсерi тiптi бөлек. Бiздiң отау құрғанымызға жарты ғасыр, демек бұл ән одан да ертерек өмiрге келген. Әннiң сөзiнде айтылғандай, осы уақыт аралығында қаншама шаңы-

рақтың көтерiлiп керегесi керiлуiне, ұрпақтардың өсiп-өнуiне қариялардың батасы игi ықпал еткенi анық» – дейдi ол.

Қариялар батасын бередi екен, Бата деген ақ тiлеу керек екен. Жақсы дәстүр, жақсы сөз, игi тiлек, Ұрпақтарға жалғасып келедi екен. Расында, өлең шумағында айтылып тұрғандай, ағайынның татулығы мен елдiң бiрлiгiнiң арқасында ата-бабадан жеткен жақсы дәстүр, ұлттық қадiр-қасиет ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келедi. Иә, өлең авторы Сәнiмкүл Желдербаева апамыздың гiбрat-ты ғұмыр жолы ғасырға жуықтады. Ал оның «Ақ босағадай» туындысы жасай бермек.

Ғазиза ӘБЛДА,  
«Сыр бойы»

## «KAYSAR ARENA»: ЕУРОПА ДОДАСЫНА БАСТАР ЖОЛ

Бұл мәртебенің маңызы айрықша. Өйткені УЕФА-ның IV санаты – стадиондарға берілетін ең жоғары деңгей. Мұндай ареналарда Қазақстан ұлттық құрамасының Еуропа чемпионатының іріктеу кезеңіндегі кездесулерін, Ұлттар лигасының ойындарын, сондай-ақ Чемпиондар лигасы, Еуропа лигасы және Конференция лигасының іріктеу және негізгі кезең матчтарын өткізуге мүмкіндік бар. Яғни енді Қызылорда жанкүйерлері ел құрамасының жауапты бәсекелерін де, Еуропаның беделді клубтары қатысатын үлкен футбол кештерін де өз қаласында тамашалай алады.

Әрине, халықаралық матчтың Қызылордада өтуі жарыс күнтізбесіне, ұйымдастырушылардың шешіміне және клубтардың нәтижесіне байланысты. Дегенмен «KAYSAR ARENA» мұндай деңгейдегі кездесулерді қабылдауға қажетті басты рұқсат пен инфрақұрылымдық мүмкіндікке ие болды. Бұл – Сыр өңіріндегі футболдың тынысын кеңейтіп, жасөспірімдердің спортқа қызығушылығын арттыратын үлкен серпін.

2024 жылдың мамырында сол кездегі аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың басамбасымен құрылысы басталған, құны 26,5 млрд теңгені құраған «Kaysar Arena» 2025 жылғы 4 қазанда салтанатты түрде пайдалануға берілді. Жаңа спорт нысаны алғашқы күннен-ақ ел футболындағы

1-бет



айтулы бәсекеге төр ұсынып, Қазақстан кубогының финалдық кездесуін қабылдады. Шешуші ойында шымкенттік «Ордабасы» мен қостанайлық «Тобыл» командалары кездесті. 11 мың көрерменге арналған заманауи арена содан бері Сыр өңірінің басты спорттық нысандарының біріне айналды. Мұнда футбол алаңынан бөлек, спорттық гимнастика, ауыр атлетика, бокс пен күрес түрлеріне арналған залдар және

фитнес орталығы қарастырылған.

Айта кетейік, бұған дейін Қазақстанда мұндай жоғары мәртебеге Алматыдағы Орталық стадион мен елордадағы «Астана Арена» ғана не болатын. Енді олардың қатарына Қызылорданың жаңа аренасы да қосылды.

Бағлан АМАНЖОЛ,  
«Сыр бойы»

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Сырдария-1» КС» ЖШС 2026 жылдың 31 шілдесі күні сағат 11:00-де Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, №33 мекенжайда серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы өткізілетінін хабарлайды.

Күн тәртібінде:

1. «АНК» АҚ арқылы несие рәсімдеу шарты мен ережелерін, серіктестіктің жарғылық қорынан берілетін ережелеріне және серіктестік ішкі нормативтік құжаттарына өзгерістер енгізу, бекіту туралы.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса, жиналыс ашыланға дейін 3 күн ішінде серіктестікке ұсынуларыңызды, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

«Сырдария-1» КС» ЖШС **әкімшілігі.** (БСН: 040 540 001 348)

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Абзал и Компания» Толық серіктестігі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2026 жылғы 20.07. №42-ОД бұйрығымен «Абзал и К» толық серіктестігінің басқарушы басқарушысы болмаған жағдайда жылжымайтын құрамның өтуі үшін кірме жолды беру қызметіне тариф бекітілгенін хабарлайды.

Тариф – вагон/км үшін 2 006,98 теңге (КҚС-сыз).  
Тариф 2026 жылғы 1 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі.  
Бұйрықтың толық мәтінімен және тарифтік смета «Абзал и К» ТС орналасқан жері бойынша танысуға болады.

### «DTJ SERVICE» ЖШС ЖҰМЫСҚА ШАҚЫРАДЫ!

Керекті мамандар: Жол монтерлері  
Жол бригадирлері;  
Жол мастерлері;  
Жұмыс орны: Абай және Шығыс Қазақстан облыстары.  
Барлық сұрақтар бойынша байланыс тел.: 8 706 620 53 59.

### МҰРАЛЫҚ ІСТІҢ АШЫЛҒАНЫН ХАБАРЛАЙДЫ

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014ж.) 2025 жылдың 15 қарашында қайтыс болған азамат Баймаханов Мурат Жакипбековичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекенжайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербас көшесі 203. Тел.: 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.



СЕРГЕК

## СЫРДАН ШЫҚҚАН ЖАҢА ЧЕМПИОН

Қызылорда облысының тумасы, қазақстандық MMA файтері Иманғали Қожамбет Мәскеуде өткен Open FC 67 турнирінде жеңіл салмақтағы чемпиондық белбеуді иеленді. Жеңіліссіз келе жатқан қазақстандық ресейлік Шалбуз Эседуллаевты бес раундтың қорытындысы бойынша ұтып, кәсіби мансабындағы оныншы жеңісіне қол жеткізді.



Open FC ұйымының жеңіл салмақтағы чемпиондық атағы сарапқа салынған жекпе-жек бес раундқа созылды. Белбеудің сол кездегі иегері Шалбуз Эседуллаев бұған дейін кәсіпқой аренада жеңіліп көрмеген тәжірибелі спортшы болатын. Алайда шешуші айкаста қазақстандық файтер қарсыласына өз жоспарын жүргізуге мүмкіндік бермеді.

Иманғали тік тұрып айкасуда ғана емес, партердегі күресте де басымдық танытты. Ол қарсыласын бірнеше рет жерге алып, үстіңгі позицияда бақылап, әр раундта ұпай қорын молайтып отырды. Жекпе-жек толық бес раундқа созылғанымен, жеңімпазға қатысты күмән болған жоқ. Төрешілер жеңісті бірауыздан Қазақстан өкіліне берді. Есеп – 50:44, 50:45 және 50:45. Осылайша, Иманғали Қожамбет Open FC лигасының жаңа чемпионы атанды. Ал Шалбуз Эседуллаев кәсіби мансабында алғаш рет жеңіліп, белбеуінен айырылды.

24 жастағы Иманғали Қожамбет Жалағаш ауданына қарасты М. Шаменов ауылында дүниеге келген. Оның балалық шағы Сыр бойындағы ауыл тіршілігімен сабақтас өтті.

– Балалық шағымыз ауылдың құмында аунап, Сырдарияның суына шомылып өтті. Кейін отбасымызбен Қызылорда қаласына көштік. Сол кезден бастап спортқа ден қоя бастадым. Бала күнімде бірнеше спорт түріне қатысып көрдім. Ақырында жекпе-жектегі таңдадым, – дейді ол.

Иманғалидың спорттағы алғашқы қадамдары мектеп қабырғасында басталған. Ол төртінші-бесінші сыныпта жүрген кезінен жаттығу залына барып, жарыстарға қатыса бастаған.

– Алғаш рет жекпе-жекке шығу оңай болған жоқ. Дебют алдында толқу болады, ойындағының бәрін бірден көрсете алмауың мүмкін. Жалпы, әр кездесу өзіндік қиындығымен есте қалады. Бір айкас техниканды жетілдірсе, екіншісі мінезінді тыңдайды. Осындай сындардан өте келе тәжірибе жинайсың, – дейді файтер. – Әр жекпе-жектен жаңа тәжірибе аламын. Жинаған білімің мен көргенің көбейген сайын алға жылжуға мүмкіндік туады. Бұрынғы айкастарда жіберген қателіктерімді қайталамауға тырысамын. Жеңіс көбейген сайын жауапкершілік те арта түседі. Осы тәжірибенің бәрі спортта өсуіме көмектесіп келеді.

Open FC чемпиондық белбеуі үшін өткен кездесу оның жеңіл салмақтағы екінші айкасы болды. Бұған дейін ол жартылай жеңіл салмақта өнер көрсеткен еді. Соған қарамастан жаңа дивизионға тез бейімделіп, ұйымның сол кездегі чемпионы Шалбуз Эседуллаевты бес раундтың қорытындысы бойынша жеңді.

Чемпиондық жекпе-жекке дайындық Астанадағы «Takhtay Team» залында жүргізілді. Иманғали осы орта оның спорттық шеберлігімен қатар, тұлғалық қалыптасуына да ықпал еткенін айтады.

– «Takhtay Team» мен үшін жай ғана жаттығу залы емес. Мұндағы бапкерлер мен командаластарым спортта ғана емес, күнделікті өмірде де дамуыма көмектесіп жүр. Жаттықтырушы соққы жасауды немесе күресуді үйретумен шектелмейді. Ол тәртіпке, сабырлылыққа және жауапкершілікке баулиды, – дейді чемпион.

Айкасқа әзірлік барысында команда партердегі күреске айрықша мән берген. Бұл жоспар жекпе-жек кезінде өз нәтижесін көрсетті. Қазақстандық спортшы қарсыласының қозғалысын шектеп, күрес үстінде айқын басымдық танытты. Шалбуз Эседуллаевпен кездесуге дейін Иманғалидың кәсіби рекорды 9:0 болатын. Мәскеудегі жеңістен кейін ол көрсеткішін 10:0-ге жеткізіп, Open FC белбеуін иеленді.

– Чемпион атанған кездегі сезімді сөзбен жеткізу қиын. Бұл жекпе-жекке дейін рекордым 9:0 еді. Жеңістен кейін 10:0 болды. Белбеу – ұзақ уақыт бойы атқарылған еңбектің нәтижесі. Бірақ мұнымен тоқтап қалуға болмайды. Енді чемпиондық атақты қорғауым керек, – дейді Иманғали. – Енді келесі үлкен мақсат – халықаралық ареналарда тәжірибе жинап, UFC ұйымына жол ашу. Болашақта Америкаға барып, жаттығу жоспарда бар. Қазір визалық мәселелерді шешу қажет. Оған дейін Open FC белбеуін қорғап, Еуропада да өзімді танытуым керек. Алда әлі атқарылатын жұмыс көп.

М. Шаменов ауылының құмында асыр салып өскен Сыр перзенті бүгінде халықаралық аренада Қазақстанның намысын қорғап жүр. Мәскеуде жеңіп алған чемпиондық белбеу оның кәсіби жолындағы маңызды белеске айналды. Ендігі сын – жеңіліссіз серияны жалғастырып, атағын қорғау және әлемдегі ең беделді жекпе-жек ұйымына жолдама алу.

Бағлан АМАНЖОЛ,  
«Сыр бойы»

|                                                                                                       |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |  |                                                                                                                                                                                                                                                           |  |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| www.facebook.com/syrboyi.kz/                                                                          |  | https://twitter.com/syrboyi                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |  | www.instagram.com/syrboyi_kz                                                                                                                                                                                                                              |  |
| <b>Меншік иесі</b><br><b>СЫР МЕДИЯ</b><br><b>жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</b>                 |  | Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)<br>Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |  | Газет аптасына сейсенбі, бейсенбі, сенбі ( <i>сенбілік екі нөмір</i> ) күндері шығады.                                                                                                                                                                    |  |
| БАС ДИРЕКТОР<br><b>Марат АРАЛБАЕВ</b><br>қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002) |  | <b>Бөлімдер:</b><br>руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)<br>экономика – 40-11-10 (1038, 1033)<br>әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)<br>жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)<br>есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38<br>компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)                                                                                                |  | Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.                                                                                                      |  |
| БАС РЕДАКТОР<br><b>Қуат ШАРАБИДИНОВ</b><br>қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)  |  | Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицикатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты. |  | Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. |  |
| Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.                                 |  | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |  | Таралымы 19492 Тапсырыс №1262                                                                                                                                                                                                                             |  |
|                                                                                                       |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |  | Кезекші редактор Сара АДАЙБАЕВА                                                                                                                                                                                                                           |  |